КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 3 қараша 7119-25-00-2/10243 Астана қаласы
7119-25-00-2/12478

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.К.Кусманова,
сот отырысының хатшысы К.Ж. Габдулжаппар қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

негізгі талап бойынша
ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы «Есіл» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ТДМ-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Астана қаласы бюджет пайдасына аванс 24 948 000 (жиырма төрт миллион тоғыз жүз қырық сегіз) теңге өндіру туралы

қарсы талап бойынша
ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«ТДМ-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«Астана қаласы «Есіл» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
шарттың бұзылуын заңсыз деп тану туралы
тауарды қабылдау міндеттемесі туралы
аялдама павильондарын орнату орындары туралы 5 (бес) бірлік көлемінде мәліметтер беру бөлігінде өз міндеттемелерін орындауға міндеттелсін туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Р. Базульдинова
талап қоюшының өкілі А.Айтказина
жауапкердің окільдері М.А.Калисаев, А.А.Саржанов

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 18 маусымда тараптар арасында № 46 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды (бұдан әрі – Шарт). Шарттың талаптары бойынша өнім беруші өзіне 83 160 000 теңге сомасына 5 дана аялдама павильондарын – тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерді қабылдады.

Шарт Қазынашылықта 2025 жылғы 25 маусымда тіркелген.

Шартқа 1-қосымшаға сәйкес тауарды жеткізу мерзімі – шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 күн. Яғни, 2025 жылғы 18 шілде.

Шарттың талаптарына сәйкес 2025 жылғы 11 шілдеде өнім берушіге 24 948 000 теңге сомасында аванс аударылды.

Белгіленген мерзімде тауар жеткізілмеген.

Шарт 2025 жылғы 12 қыркүйекте біржакты тәртіппен бұзылды.

Әкім аппараты талап арызда өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындалмағанын көрсетті. Осыған байланысты ол мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады. Одан аванс сомасы 24 948 000 теңге өндіріп алуға жатады.

ЖШС талаппен келіспей, шартты бұзуды заңсыз деп тану, тауарды қабылдауға міндеттеу және аялдама павильондарын орнату орындары туралы 5 (бес) бірлік көлемінде мәліметтер беру бөлігінде өз міндеттемелерін орындауға міндеттеу туралы қарсы талаппен жүгінді. Қарсы талабында келесіні көрсетті, талап қоюшы жауапкерге аялдамалардың орналасу жері туралы мәліметтер бермеді, бұл жауапкерге Шартты орындауға мүмкіндік бермеді. Қазіргі таңда тауар дайын. Әкім аппаратымен осы талаппен сотқа жүгінудің 30 күндік мерзімі өткізіп алынған.

Сот отырысында Әкім аппаратының өкілі өз талабын қанағаттандырып, қарсы талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады. Сотта жауапкерге павильондардың орналасу жеру туралы ақрпаратта жауапкерге хабарланатын еді.

ЖШС өкілі Әкім аппаратының талабын қанағаттандырудан бас тартып, қарсы талапты қанағаттандыруды сұрады.

Прокурор бастапқы талапты қанағаттандыру, қарсы талаптан бас тарту туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Бірінші талап арызы.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдеде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 8-бабы 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

ЖШС-мен Шартта бекітілген мерзім, 2025 жылдың 18 шілдесіне тауар – аялдамалық павильондар жеткізілмеген, тауардың дайындығы туралы хабарламаған, павильондардың орналасатын жерлері туралы сұратылмаған.

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 10.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.12.2025, судья Кусманова А. К., 11.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сондықтан 19 тамыз 2025 жылы Өнім берушіге Шартты бұзу туралы хабарлама жолданған.

Тауар жеткізілмеген, Тапсырыс беруші шартты жасау кезіндегі ниетіне қол жеткізбеген, Шартты бұзуға негіздер бар. Шарттың бұзылуы заңды және негізді.

Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауына байланысты, 24 948 000 теңге алдын-ала төлем сомасы қайтарылуға жатады.

Талапкердің сотқа жүгінуінің 30 күндық мерзімі орындалды, өйткені шарт толық орындалмады.

Қарсы талап.

Қазақстан республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 404 – бабының 1-тармағына сәйкес Шартты орындаудан біржақты бас тартуға (Шарттан бас тартуға) осы Кодексте, өзге де заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда жол беріледі.

Шарттынң 8.4.-тармағына сәйкес ол мердігер өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

Шартта көзделген мерзімде тауар қойылмағандықтан Шартты бұзуға негіз бар.

Тауарды жеткізу мерзімі Өнім берушімен бұзылғандықтан, Шарт бұзылған, сондықтан тауарды қабылдауға және аялдамалық павильондардың орны туралы хабарлауға міндеттеуге негіз жоқ.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде, қарсы талап қанағаттандырудан бас тартуға жатады.

АПК-нің 117 бабына сәйкес, ЖШС-нен мемлекет пайдасына 750 406 (24 948 000 теңге х 3% + 1 966 теңге) теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Астана қаласы «Есіл» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «ТДМ-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер «Астана қаласы «Есіл» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі шарттың бұзылуын заңсыз деп тану туралы, тауарды қабылдау міндеттемесі, аялдама павильондарын орнату орындары туралы 5 (бес) бірлік көлемінде мәліметтер беру бөлігінде өз міндеттемелерін орындауға міндеттелсін туралы қарсы талап қою талап арызы қанағаттандырылсын.

«ТДМ-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ТДМ-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінең Астана қаласы бюджет пайдасына аванс 24 948 000 (жиырма төрт миллион тоғыз жүз қырық сегіз) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 10.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.12.2025, судья Кусманова А. К., 11.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«ТДМ-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінең мемлекет кірісіне 750 406 (жеті жүз елу мың төрт жүз алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

«ТДМ-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер «Астана қаласы «Есіл» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі шарттың бұзылуын заңсыз деп тану туралы, тауарды қабылдау міндеттемесі, аялдама павильондарын орнату орындары туралы 5 (бес) бірлік көлемінде мәліметтер беру бөлігінде өз міндеттемелерін орындауға міндеттелсін туралы қарсы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, іске қатысқан тұлғалар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, ал прокурор апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 10.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.12.2025, судья Кусманова А. К., 11.12.2025

7119-25-3-1/10110